



АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

жас оқытушылардың «Әдістемелік шеринг» интерактивті лекторийін өткізу туралы

Құрметті әріптестер!

Академиялық даму департаменті (ЖЖООКББАДД) жас оқытушыларды университетіміздің 60 жылдық мерейтойын тойлау аясында өткізілетін «Әдістемелік шеринг» интерактивті лекторийіне қатысуға шақырады.

Іс-шараның мақсаты — жас мамандар арасында озық цифрлық және интерактивті тәжірибе алмасу үшін ашық алаң құру, олардың кәсібіден тыс дағдыларын (soft skills) дамыту және университеттің академиялық лидерлерінің кадрлық резервін қалыптастыру.

Қатысуға оқу үдерісіне инновациялық тәсілдерді енгізуде сәтті тәжірибесі бар, 40 жасқа дейінгі (қоса алғанда) және/немесе жоғары оқу орындарындағы педагогикалық қызмет өтілі 5 жылға дейінгі университеттің барлық кафедраларының штаттық оқытушылары шақырылады.

Лекторий аясында алдын - ала ішкі іріктеуден өткен спикерлер сөз сөйлейді. Іріктеуге қатысу үшін **2026 жылғы 10 қыркүйекке** дейін ЖЖООКББАДД-не келесі құжаттарды өткізу қажет:

1. өтінім (*Қосымша*);
2. сөз сөйлеудің қысқаша тезистері (кейстің құрылымы, 1-2 бет);
3. презентация/видеопитч жобасы.

Регламент құрылымына сәйкес келмейтін немесе белгіленген мерзімнен кеш ұсынылған материалдар ішкі іріктеуге жіберілмейді. Іріктеуден өткен спикерлерге сөз сөйлеу құрылымын жасау, оны жетілдіру және визуалды қатарды (инфографика, презентация) дайындау бойынша консультациялық көмек көрсетіледі.

Байқау материалдары мен болашақ сөз сөйлеуге келесі міндетті талаптар қойылады:

- 1) Әдістемелік құндылық (*басты критерий*)
 - ✓ ұсынылған кейс цифрлық құралдарды, геймификацияны, оқытудың белсенді әдістерін немесе интеракцияның стандартты емес форматтарын қолдануға негізделуі тиіс (мысалы: оқытуда нейрожелілерді қолдану, семинарларды геймификациялау, тартатын интерактивті платформалар, тапсырмаларды бақылауға арналған Telegram-боттар).
 - ✓ кейс сабақтарда сәтті апробациядан өткен болуы керек — спикер студенттердің қызығушылығының артуы немесе оқу нәтижелерінің өзгергені туралы мәліметтерді (сапалық немесе сандық) ұсынады.
- 2) Регламент және құрылым
 - ✓ сөз сөйлеудің жалпы ұзақтығы **10 минуттан** аспайды.
 - ✓ сөз сөйлеудің құрылымы:
 - педагогикалық «мәселені» қысқаша баяндау (2 мин дейін).
 - кейстің мәні, құралдың механикасы, тікелей көрсетілім (немесе жазба) (5-6 мин).
 - енгізудің тиімділігі (2 мин дейін).
- 3) Презентацияның визуалды қатары
 - ✓ стиль: қысқа-нұсқа, заманауи, артық декоративті элементтерсіз.

- ✓ визуализация > мәтін. Слайдтарға спикердің сөзін қайталайтын үлкен көлемдегі мәтіндерді орналастыруға тыйым салынады.
- ✓ интерфейстердің скриншоттарына (егер құрал цифрлық болса), схемаларға, инфографикаға, процестің фотосуреттеріне, QR-кодтарға басымдық беріледі.
- ✓ каріп (шрифт): ірі, залдың артқы қатарларынан анық оқылатын.

4) Жеткізу стилі және спикерлік дағдылар

- ✓ сөйлеудің жанды, жігерлі стилі, сенімділік, «қағаздан оқымау».
- ✓ аудиторияның назарын ұстап тұру қабілеті, залмен интерактив жасау құпталады.

Байқау қазылар алқасы (жюри) байқау материалдары мен сөз сөйлеулерді келесі негізгі критерийлер бойынша бағалайды:

– Технологиялылығы және жаңалығы (цифрлық немесе интерактивті шешімнің бірегейлігі).

– Презентация шеберлігі (аудиторияның назарын ұстап тұру, сенімділік, таймингті сақтау).

Лекторий қорытындысы бойынша келесі номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталады:

- 1) «Технологиялық серпіліс» (ең бірегей әрі тиімді цифрлық немесе интерактивті шешім);
- 2) «Әдістемелік бестселлер» (әрбір оқытушыға арналған әмбебап құрал);
- 3) «Қызығушылық амбассадоры» (ең сенімді және харизматикалық сөз сөйлеу);
- 4) бас номинация – «Әдістемелік шеринг хедлайнері» – Лекторийдің абсолютті жеңімпазы.

Жас оқытушыларды қолдау және кафедралардың қатысуын ынталандыру мақсатында университет басшылығының шешімімен келесі көтермелеу жүйесі белгіленді:

Жеңімпаздар үшін:

- ✓ «Жас оқытушылар арасындағы әдістемелік көшбасшылық сертификатын» табыстау;
- ✓ Университеттің ресми сайтының басты бетінде сұхбат жариялау;
- ✓ Жалақысын толық сақтай отырып, ағымдағы оқу жылындағы оқу жүктемесін 50 академиялық сағатқа азайту.

Кафедра үшін:

- ✓ Жыл сайынғы жалпыуниверситеттік «Үздік кафедра» байқауы аясында — Лекторийге тікелей қатысқаны үшін (іріктеуден өткеннен кейін) +20 балл;
- ✓ Жыл сайынғы жалпыуниверситеттік «Үздік кафедра» байқауы аясында — Лекторийде жеңіске жеткені үшін +50 балл.

Сессияның барлық спикерлері үшін:

- ✓ ЖОО-ның корпоративтік порталындағы қызметкердің жеке профилінде «Әдістемелік шеринг спикері» бірегей цифрлық айырым белгісін (бейждеуді) автоматты түрде беру.

Барлық сұрақтар бойынша ЖЖООКББАДД-не, 300-кабинетке хабарласуға болады. Байланыс тұлғасы – Гульмира Маркатаева.

ӨТІНІМ
жас оқытушылардың «Әдістемелік шеринг»
интерактивті лекторийіне қатысуға

1-бөлім. Қатысушы туралы мәліметтер	
Оқытушының Т.Ә.Ә. (ФИО)	
Кафедра	
Лауазымы, ғылыми дәрежесі/атағы	
Жасы	
Педагогикалық қызмет өтілі	
Байланыс телефоны	
2-бөлім. Әдістемелік кейс паспорты	
Сөз сөйлеу тақырыбы (Кейсіңіздің атауы)	
Бұл кейс қай пәнде/курста сәтті апробациядан өтті?	
Кейстің мәні мен механикасы (қысқаша)	

Толтырылған күні: « ____ » _____ 2026 г.

Қолы _____